

«№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Бұйрық № 117 н/к

Ақтөбе қаласы

03.06.2024 жыл

«Өзін-өзі бағалау туралы»

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсан № 12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР Білім беру заңының 59-бабының 4) тармағы негізінде және 2024 жылғы 30 мамыр күні өткен №7 педагогикалық кеңестің «Өзін-өзі бағалау туралы» қаулысын жүзеге асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. «№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізілсін.
2. Өзін-өзі бағалау комиссиясы төмендегі құрамда бекітілсін:
Абуова К.К. - мектеп директоры, комиссия төрағасы
Жубатова Ж.Ж.- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
Мангибаева Б.Т.- директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
Сағындықова Г.Т. – педагог-ұйымдастырушы, комиссия мүшесі
Утарова А.Б.- шаруашылық ісінің меңгерушісі, комиссия мүшесі
3. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып бекітілсін. /қосымша-1/
4. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» № 12 бұйрығы басшылыққа алынсын.
5. Өзін-өзі бағалау қорытындысымен ұжым мүшелерін таныстыру комиссия мүшелеріне міндеттелсін.
6. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша құжаттар әзірленіп, мектептің интернет-ресурсына орналастырылсын
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



К.К. Абуова